

Костанай облысы Қарасу ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 56 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Костанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қантардағы № 5 қаулысы. Костанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 қантарда № 9926 болып тіркелді

Костанай облысы Қарасу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Костанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 56 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылары мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9131 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оны реңми жарияланғаннан кейін Костанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Костанай облысы Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

B. Радченко

"Келісілді"

Қарасу аудандық мәслихаты

Қарасу ауданы әкімдігінің

2023 жылғы 23 қаңтардағы

№ 5 қаулысына

қосымша

Қостанай облысы

Қарасу ауданың әкімдігінің

2020 жылғы 15 сәуірдегі

№ 56 қаулысына

қосымша

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 5) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 6) халықты жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;
- 7) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 8) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 4) аккомпаниатор;
- 5) библиограф;

- 6) кітапханашы;
- 7) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);
- 8) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 9) музыкалық жетекші;
- 10) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 11) хореограф;
- 12) барлы мамандық мұғалімдері.

3. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) әдіскер;
- 3) нұсқаушы-спортшы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК